

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы туралы

Күші жойған

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 13 қаулысы. Алматы облысы әділет департаменті Кербұлақ ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 12 ақпанда N 2-13-89 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы N 11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010.01 27 N 11 Қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіпорындар мен ұйымдарға, меншік түріне қарамастан, жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру квотасы белгіленсін.

2. Кәсіпорындармен ұйым басшылары мүгедектердің шектеулі мүмкіндігіне орай, жеке ерекшелігіне сай келетін қажетті жұмыс орнын қамтамасыз етсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (А . Д и х а н б а е в а) :

1) жұмысқа орналастыру туралы көмек сұраған мүгедектерді әлеуметтік жұмыс орындарын пайдаланып, жұмысқа орналастыру;

2) мүгедектерге кәсіптік оқуды ұйымдастыру және жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру жүктелсін.

4. Кербұлақ аудандық әділет басқармасының нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылдың 31 қаңтарында N 2-13-62 болып тіркелген (аудандық "Кербұлақ жұлдызы" басылымында 2008 жылдың 1 ақпанындағы N 5 санында жарияланған), аудан әкімдігінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы туралы" N 17-ші қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б. М о м б а е в қ а жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми түрде жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Н. Жантілеуов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК